

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Ғылым комитетінің №3 мәжілісі хаттамасының шешімдері**

Түркістан қаласы

24.11.2023 ж.

Сағат: 15:00

Өткізілетін түрі: Сенат залы

Регламент: 3-5 минут

Қатысқандар:

ҒК төрағасы Ошибаева А.Е., ҒК мүшелері, декан орынбасарлары, ынталы бағыт жетекшілері және монография авторлары.

Күн тәртібі:

1. Ынталы ғылыми бағыттар бойынша зерттеу жұмыстарының есептерін талқылау (ГОСТ үлгісі бойынша ұсынады) (*Баяндамашылар: ынталы ғылыми бағыт жетекшілері, жауапты факультет декандары /ҒЗИ директорлары*);
2. Proceeding конференцияларды ұйымдастырудың барысы туралы (*Қосымша №2 бойынша ұсынады*) (*Баяндамашылар: Факультет декандары, ҒЗИ/ҒЗО директорлары*);
3. Әр түрлі мәселелер:
 - 3.1 Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және коммерцияландыру жобаларды үйлестіру және есеп беру Ережесін талқылау (*Ғылым департаментінің директоры Х.Масадиқов*).
 - 3.2 Магистранттардың тақырыптарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу (*Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау бөлімінің басшысы А. Досболов*);
 - 3.3 PhD, аға оқытушы Ж.Нурматов дайындаған Rus Oryantalistlerin Kur'ana Yaklaşımı (L.İ.Klimoviç Örneği) Орыс ориенталистердің құран зерттеулері (Л.Климович мысалында) (*Рецензенттері: Д.Кенжетәев, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Теология факультеті, Дінтану кафедрасының профессоры, философия және теология ғылымдарының докторы; Қ.С.Ержан, Нұр Мұбарак ислам мәдениеті университетінің профессоры, PhD; Т.К.Абдрасилов, «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ Ғылыми-зерттеу орталығының басшысы PhD, қауымдастырылған профессор ҰК1 –14,74%, ҰК2–10,97%*) атты монографиясын Сенат мәжілісіне ұсыну;
 - 3.4 PhD, аға оқытушы Б.Сайфунов дайындаған Türkistan'da Ehl-i Sünnet Algısının Oluşumu ve Ahmed Yesevi Öğretisi (Түркістанда әхли сүннет түсінігінің қалыптасуы және Ахмет Ясауи ілімі) (*Рецензенттері: Б.Ботақараев, Нұр-Мұбарак Египет Ислам мәдениеті университеті, Дінтану кафедрасының PhD, қауымдастырылған профессор, доцент; Т.К.Абдрасилов, «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ Ғылыми-зерттеу орталығының басшысы PhD, қауымдастырылған профессор. Д.Т.Кенжетәев, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Теология факультеті, Дінтану кафедрасының профессоры, философия және теология ғылымдарының докторы; ҰК1 –3,48 %, ҰК2 – 0,92 %*) атты монографиясын Сенат мәжілісіне ұсыну.

Ашық дауыс беру нәтижесінде УНИВЕРСИТЕТ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІНІҢ

ШЕШІМДЕРІ:

1. Ынталы ғылыми бағыттар бойынша зерттеу жұмыстарының есептері қабылданып, бекітілсін:

1. №0123РКИ0091 «Математиканың классикалық және классикалық емес есептерін шешу әдістері және оларды оқыту әдістемесі» (ынталы бағыт жетекшісі- М.Бөріханов) аралық есебі;

2. №0123РКИ0078 «Биологиялық және биотехнологиялық ғылыми зерттеулердің заманауи технологияларын меңгерту мәселелері және Қазақстандық мұғалімдердің көп сауатты моделін дайындау негізінде биологиялық білім беру үрдісінің инновациялық әдістемелерін жасау» (ынталы бағыт жетекшісі- Ғ.Исаев) аралық есебі;

3. №0120РКИ0185 «Қоршаған ортаны қорғау шараларын негіздей отырып, өндірістік, металлургиялық және тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу арқылы тауарлық өнім өндірісінің және химиялық қосылыстарды алудың инновациялық технологияларын жасау» (ынталы бағыт жетекшісі- Р.Нұрділлаева) қорытынды есебі;

4. №0120РКИ0057 «Кондисерленген күй физикасы» (ынталы бағыт жетекшісі- А.Тұрмамбеков) аралық есебі;

5. №0123РКИ0113 «Білім беруді цифрландыру жағдайында оқытудың заманауи әдіс-тәсілдерін дамыту» (ынталы бағыт жетекшісі- Г.Қошанова) аралық есебі;

6. №0123РКИ0200 «Қазақстандағы ислам: өткені, бүгіні, болашағы» (ынталы бағыт жетекшісі- Д.Кенжетев) аралық есебі;

7. №0121РКИ0104 «Қазақстандық қоғамның трансформациялық даму жағдайындағы рухани-адамгершілік басымдықтары мен үрдістері» (ынталы бағыт жетекшісі-Ж.Малдыбек) қорытынды есебі;

8. №0123РКИ0126 «Түркістан облысында ерте балалық шақтағы кариестің таралуы мен аурушандығының зерттелуі» (ынталы бағыт жетекшісі- Х.Гүндөғар) аралық есебі;

9. №0123РКИ0122 «Қоғамның жаңаруы мен жаңғыруы жағдайында Түркістан облысында халықтың кедейлігін жоюдың аймақтық экономикалық тұжырымдамасын қалыптастыру және жетілдіру» (ынталы бағыт жетекшісі- С.Баймағанбетов) аралық есебі;

10. №0123РКИ0119 «Білім беру мекемелері үшін сабақ кестесін жобалау әдістерін зерттеу және әзірлеу» (ынталы бағыт жетекшісі- Г.Казбекова) аралық есебі;

11. №0123РКИ0115 «ІМТ-2020 сценарийлерінде заманауи Wi-Fi желілерінің бірнеше қол жеткізу әдістерін зерттеу және әзірлеу» (ынталы бағыт жетекшісі- Ж.Исмагулова) аралық есебі;

12. №0123РКИ0125 «Жаңартылатын энергия көздері негізінде жұмыс істейтін гибриді жел генераторын зерттеу және құрастыру» (ынталы бағыт жетекшісі- Н.Рустамов) аралық есебі;

13. №0120РКИ0186 «Жаңартылған білім беру жағдайында тілдерді және әдебиетті оқыту әдістемесін жетілдіру» (ынталы бағыт жетекшісі- С.Бейсембаева) қорытынды есебі;

14. №0123РКИ0095 «Түркістан облысы тұрғындарында зат алмасу бұзылыстарының клинико-эпидемиологиялық ерекшеліктері» (ынталы бағыт жетекшісі-Ы.Молдалиев) аралық есебі;

15. №0123РКИ0082 «Түркі мәдениетінің сабақтастығы: туркология ғылымындағы тілдік, тарихи, мәдени, археологиялық ескерткіштер бағытына байланысты теориялық-әдіснамалық зерттеулер» (ынталы бағыт жетекшісі-Б.Байрам) аралық есебі;

16. №0123РКИ0158 «Қожа Ахмет Ясауи тарихи-сәулеттік кешенінің сақталуын арттырудың инновациялық тәсілдерін әзірлеу және енгізу» (ынталы бағыт жетекшісі-А.Ақбасова) аралық есебі;

17. №0123РКИ0110 «Қазақстанның жоғары оқу орындарында инклюзивті білім беруді дамытудың перспективалары» (ынталы бағыт жетекшісі-Г.Надинова) бағыты бойынша аралық есебі;

1.1. Ынталы ғылыми бағыттар бойынша зерттеу жұмыстарының тақырыбы ҰМҒТСО-на тіркеу үшін ұсынылсын:

1. 2023-2025 жылдарға арналған университетте орындалып жатқан ынталы ғылыми бағыттар бойынша «Медиабілім берудің жаңа концепциялары: жаһандық масс-медиа және цифрлық коммуникация» (ынталы бағыт жетекшісі-Б.Сердәлі);

2. 2023-2025 жылдарға арналған университетте орындалып жатқан ынталы ғылыми бағыттар бойынша «Педагогикалық орта қалыптастыру арқылы оқу-тәрбие, оқу-сауықтыру үдерісін жетілдіру» (ынталы бағыт жетекшісі-А.Рахымжанов);

3. 2023-2025 жылдарға арналған университетте орындалып жатқан ынталы ғылыми бағыттар бойынша «Бала туу көрсеткіші жоғары аймақтағы балалардағы туа біткен даму ақауларының (ТБДА) таралуы мен себептері» (ынталы бағыт жетекшілері- С.Токбергенова, Л.Бегімбекова);

4. 2023-2025 жылдарға арналған университетте орындалып жатқан ынталы ғылыми бағыттар бойынша «Жүректің ишемиялық аурулары бар пациенттерді эхокардиографиялық speckle-tracking арқылы тексеру әдістемесін оңтайландыру» (ынталы бағыт жетекшісі- Б.Болатбеков);

5. 2023-2025 жылдарға арналған университетте орындалып жатқан ынталы ғылыми бағыттар бойынша «a.et.v. Mammaria dextra1-ді сақтай отырып, септальды туа біткен жүрек ақаулары бар емделушілерде инновациялық миниинвазивті торакотомиялық жүрек хирургиясы технологияларын қолдану» (ынталы бағыт жетекшісі- Б.Болатбеков);

6. 2023-2025 жылдарға арналған университетте орындалып жатқан ынталы ғылыми бағыттар бойынша «Тұрақты даму мақсаттарының экономикаға, қоғамға, технологияға және қоршаған ортаға әсерін әр тараптағы зерттеу» (ынталы бағыт жетекшісі- Ш.Чиғдем).

2. Proceeding конференцияларды ұйымдастырудың барысы туралы ақпарат назарға алынсын.

3. Әр түрлі мәселелер:

3.1 Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және коммерцияландыру жобаларды үйлестіру және есеп беру Ережесі Сенатқа ұсынылып, қабылдансын. (Ғылым департаментінің директоры Х.Масадиқов).

3.2 Магистранттардың тақырыптарына өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп, бекітілсін.(Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау бөлімінің басшысы А. Досболов);

3.3 PhD, аға оқытушы Ж.Нурматов дайындаған Rus Oryantalistlerin Kur'ana Yaklaşımı (L.İ.Klimoviç Örneği) Орыс ориенталистердің құран зерттеулері (Л.Климович мысалында) (Рецензенттері: Д.Кенжетев, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Теология факультеті, Дінтану кафедрасының профессоры, философия және теология ғылымдарының докторы; Қ.С.Ержан, Нұр Мұбарак ислам мәдениеті университетінің профессоры, PhD; Т.К.Абдрасилов, «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ Ғылыми-зерттеу орталығының басшысы PhD, қауымдастырылған профессор ҰК1 –14,74%, ҰК2–10,97%) атты монографиясы Сенат мәжілісіне ұсынылып, өз қаражаты есебінен баспаға ұсынылсын.

3.4 PhD, аға оқытушы Б.Сайфунов дайындаған Türkistan'da Ehl-i Sünnet Algısının Oluşumu ve Ahmed Yesevi Öğretisi (Түркістанда әхли сүннет түсінігінің қалыптасуы және Ахмет Ясауи ілімі) (Рецензенттері: Б.Ботакараев, Нұр-Мұбарак Египет Ислам мәдениеті университеті, Дінтану кафедрасының PhD, қауымдастырылған профессор, доцент; Т.К.Абдрасилов, «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ Ғылыми-зерттеу орталығының басшысы PhD, қауымдастырылған профессор. Д.Т.Кенжетев, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Теология факультеті, Дінтану кафедрасының профессоры, философия және теология ғылымдарының докторы; ҰК1 –3,48 %, ҰК2 – 0,92 %) атты монографиясы Сенат мәжілісіне ұсынылып, өз қаражаты есебінен баспаға ұсынылсын.

Ғылым комитетінің төрайымы:

А.Ошибаева

Мәжіліс хатшысы:

Д. Төлегенова

